

IV МОДУЛЬ

ӘКІМШІЛІК
ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАР
ТУРАЛЫ СОТ ІСІН
ЖҮРГІЗУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

8-сабақ Әкімшілік қамаққа алу қаулысының үлгісі



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

куәліксіз
мастық күйі
жүргізуші куәлігі
мемлекеттік нөмірі
тұрғылықты жері
апелляциялық өтінішхаты
орта қәрежедегі
тыңым салу

басшылыққа алу
жаза тағауындау
қәрігерлік куәландыру
көлік құралдарын басқару
басқару құқығынан алу
жауаптылықты жеңілдететін
жауаптылықты ауырататын



2. Тыңдаңыз, сәйкестендіріңіз.

тұрғылықты
қәрігерлік
мемлекеттік
басшылыққа
мастық
орта
көлік құралдарын
тыңым
жаза
жүргізуші
басқару құқығынан

1
2
3
4
5
6
7
8
9
10
11

a) күйі
b) куәлігі
c) нөмірі
d) жері
e) қәрежедегі
f) салу
g) тағауындау
h) куәландыру
i) алу
j) алу
k) басқару



3. Оқыңыз.

Қарағанды қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты құрамында судья А.Н.Алипованың төрағалық етуімен, сот отырысының хатшысы Н.Нұрғалиеваның, прокурор С.Сапарбектің, өзіне қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға Ж.М.Рысқұлдың қатысуымен, ашық сот отырысында қазақ тілінде әкімшілік құқықбұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің 608-бабы 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқықбұзушылық жасағаны үшін:

Айтбаев Айтжан Серікұлы,

Туған күні 1993 жыл 21 наурыз, тұрғылықты жері Қарағанды қаласы, Қабанбау көшесі, 12 тіркелген жері: Алматы облысы, Рауымбек ауданы, Қ.Сатпаев, 9/2 жұмыс орны: жұмыссыз, жеке басын куәландыратын құжат, жеке куәлік № 040500083, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен 2020 жылғы 20 қазанға берілген, ЖСН 930321302604 әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс қозғалған тұлғаға қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі қарады.



4. Мәтін бойынша сұрақ қойыңыз.

Құқықбұзушының
аты-жөні кім?

Құқықбұзушының аты-жөні
Айтбаев Айтжан.

1993 жыл 21 наурыз

Жұмыссыз

Жеке куәлік нөмірі: 044502083

ЖСН:
930321302604



5. Тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

Қарағанды қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты құрамында:

Судья:

Сот отырысының хатшысы:

Прокурор:

өзіне қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс жүргізіліп отырған

қатысуымен Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Қазақстан

Республикасының кодексінің 608-бабы 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық
бұзушылық жасағаны үшін,

Туған күні:

Тұрғылықты жері:

Тіркелген жері:

Жұмыс орны:

Жеке куәлік:

ЖСН:



6. Қажетті сөздерді қойыңыз.

1. _____ күйі

8. _____ алу

2. _____ куәлігі

9. _____ тағайындау

3. _____ нөмірі

10. _____ куәландыру

4. _____ жері

11. _____ басқару

5. _____ өтінішхаты

12. _____ құқығынан айыру

6. _____ қәрежесі

13. _____ жеңілдететін

7. _____ салу

14. _____ ауырлататын

орта

қәрігерлік

басқару

басшылыққа

мығым

тұрғылықты

жауаптылықты

жаза

жауаптылықты

апелляциялық

мемлекеттік

жүргізуші

ҚАУЛЫ

2021 жылғы 5 шілде

№ _____ іс

Қарағанды қаласы

Қарағанды қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты құрамында судья А.Н.Алипованың төрағалық етуімен,

сот отырысының хатшысы Н.Нұрғалиеваның,
прокурор С.Сапарбектің,

өзіне қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға Ж.М.Рысқұлдың қатысуымен,

ашық сот отырысында қазақ тілінде әкімшілік құқықбұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің 608-бабы 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқықбұзушылық жасағаны үшін:

Айтбаев Айтжан Серікұлы,

Туған күні: 1993 жыл 21 наурыз

тұрғылықты жері: Қарағанды қаласы, Қабанбай көшесі, 12

тіркелген жері: Алматы облысы, Рауымбек ауданы, Қ.Сампаев, 9/2

жұмыс орны: жұмыссыз,

жеке басын куәландыратын құжат: жеке куәлік № 040500083, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен 2020 жылғы 20 қазанда берілген,

ЖСН: 930321302604

әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс қозғалған тұлғаға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап,

АНЫҚТАДЫ

2021 жылы 3 шілде, сағат 21:00 шамасында А. Айтбаев Магнитогорский көшесінің бойында, мемлекеттік нөмірі 308WJZ13 маркасы «KIA SPORTAGE» автокөлігін мас күйінде басқарып, жол жүрісі қағидасының 2-бөлімінің 4-тармағының 2-тармақшасын бұзған. Ол автокөлікті мас күйде жүргізгенін толық мойындады.

2021 жылы 3 шілде сағат 21:00-де А.Айтбаевқа мастық күйін анықтауын №504 қәрігерлік куәландыру қорытындысы бойынша ол «орта» қәрежедегі мас күйде болған.

А.Айтбаевтың кінәсі төмендегі іс құжаттарымен дәлелденеді.

Атап айтқанда:

- 2021 жылы 3 шілдедегі Октябрь аудандық полиция бөлімінің инспекторы Б.Сарыпбековтың баянатымен,

- 2021 жылы 3 шілдедегі әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттамамен,

- 2021 жылы 3 шілдедегі мастық күйін анықтауын қәрігерлік куәландыру қорытындысы дәлелденеді. Өзіне қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлғаға жаза тағайындарда сот, ӘҚБтК-нің 40, 55-баптарына сәу әкімшілік құқықбұзушылық үшін жаза қолданудың жалпы ережелерін басшылыққа алады, Кодекстің 56 және 57-баптарына сәу, әкімшілік

құқықбұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін және ауырататын мән-жайларды ескереңі.

ӘҚБмК-нің 829-14, 829-16-баптарын басшылыққа алып, сот

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Айтбаев Айтжан Серікұлы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 608-бабы 1-бөлігінде көзделген құқықбұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылсын.

Айтбаев Айтжан Серікұлы 15 (он бес) тәулікке әкімшілік қамаққа алынсын және 7 (жеті) жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылсын.

Әкімшілік қамаққа алу мерзімі 2021 жылы 4 шілде сағат 11:40-тан бастап есептелсін.

Айтбаев Айтжан Серікұлы Қарағанды қаласының полиция басқармасы әкімшілік қамауға алынғандарға арналған арнайы қабылдау орнына жеткізілсін.

Қаулының әкімшілік қамауға алу түріндегі жазаны орындау Октябрь аудандық полиция бөліміне жүктелсін, көлік құралын жүргізу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындау Қарағанды облысының Полиция Департаменті Әкімшілік полиция басқармасына жүктелсін.

Сот қаулысына шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты қаулы табыс етілген күннен бастап он тәулік ішінде, ал егер осы Кодекстің 744, 745, 746, 747, 748 және 753-баптарында аталған тұлғалар істі қарауға қатыспаса, оны алған күннен бастап Қарағанды облыстық сотына Октябрь аудандық соты арқылы берілуі мүмкін.

Суқья

А.Алипова



7. Тыңдаңыз, жазыңыз.

- кінәлі деп _____
- құқығынан _____
- қабылдау орнына _____
- шешім _____
- полиция басқармасына _____
- жаза орындалсын _____
- тараптарға сөз берілсін _____



8. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

- жеткізу — жеткізілсін _____
- айыру _____
- орындау _____
- айту _____
- жасау _____
- қарау _____
- шығару _____
- беру _____

Етістік + ырықсыз етістік жұрнағы
+ (-ыл, -іл, -л) + бұйрық райдың
III жағы + (-сын, -сін)

Мысалы:

айт + ыл + сын
жібер + іл + сін